

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ



Қазақстан 2050.



V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ


Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 11-12 сәуір, 2018 жыл



V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 11-12 апреля 2018 года



V INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 3-13 April 2018

MATERIALS

International Scientific Conference of
Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 11-12, 2018

Ахмет А. БАЛАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС: ИНТОНАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ	241
Бурабаева Ж.Б. ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ҚАРИЯ» КОНЦЕПТІ	242
Ахметова А.М. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДА КОНЦЕПТІНІ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ	243
Әбітай Д. ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ МЕНГЕРГЕН ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	244
Әзімбаева И.Қ. ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ДАРАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУДАРМАДАҒЫ СӘЙКЕСТІГІ	245
Базарбаева М.М. БИЛИНГВ ЖАЗУШЫЛАР ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР	246
Баймагамбетова К.А. Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ОРЫС ТІЛІНДЕ	247
Бекжанова А.Б. СТЕРЕОТИПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ (МАЗМҰНЫ)	247
Бектурова Э.К. МЕТАФОРА КАК ОБРАЗНОЕ СРЕДСТВО ГАЗЕТНО-ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОГО СТИЛЯ	248
Беркинбаева Г. О. ТІЛ - МӘДЕНИЕТ АЙНАСЫ, ҒАЛАМНЫҢ БЕЙНЕСІ	249
Беркинбаева Г. О. ТІЛ - ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН САҚТАУШЫ ҚҰРАЛ	250
Бәшіров Н. МҰСТАФА ШОҚАЙ. ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ	250
Бижанова А.Ж. ҚАЗАҚ ПОЭМАСЫНДА ЕЛ ЕГЕМЕНДІГІН ЖЫРЛАУДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР	251
Буркитбаева М.А. ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	252
Данияр Ә. А. ДИАЛОГТІК МӘТІН БАЙЛАСЫМЫ	253
Дюсенова Л.М. ПОРТРЕТНОЕ ОПИСАНИЕ РОЧЕСТЕРА ФЭЙРФАКСА В РОМАНЕ "ДЖЭЙН ЭЙР"	253
Цзян Вэнь ШЕЛЛИ И БАЛЬМОНТ	254
Енсебай Г.Е. КАЗАЧЬЯ ФОЛЬКЛОРНАЯ ТРАДИЦИЯ В ТВОРЧЕСТВЕ ПАВЛА ВАСИЛЬЕВА	255
Ерғазы Д. CULTURE IMPACT IN LINGUISTICS	256
Жакупова Э.А. ВЗАИМОСВЯЗЬ ЯЗЫКА И МЫШЛЕНИЯ	257
Жакупова Э.А. ПОЛЬЗА ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТАРНЫХ ЯЗЫКОВ	258
Жумаханова А.Ж. ОЦЕНКА КАК ВЫРАЖЕНИЕ КОГНИТИВНЫХ ПРОЦЕССОВ	259
Жусанбаев С.Р. ПАТРИОТИЗМ В РУССКОЙ И АНГЛИЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРАХ	259
Жұбатханова К.Қ. АТРИБУТТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ «ЕСІМШЕ + ЗАТ ЕСІМ» ТИПТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ	260
Задаханова А.А. NATIONAL AND CULTURAL PECULIARITIES OF THE LEXICO-SEMANTIC GROUP «TRAVELING»	261
Дүйсенбиев А. ҚОСТІЛДІЛІК АЯСЫНДА БАЛА ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ	261
Ибрагим А.М. THE WAYS OF CONVEYING REALIA IN RUSSIAN TRANSLATIONS OF THE EPIC 'KOBLANDY VATYR'	262
Ильясова Н.Б. ТЕКСТОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ	262
Қайнарбаева А. ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУЫ	263
Кайырбек М.Н. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ИСТОКИ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ОБРАЗОВ ПРОИЗВЕДЕНИЙ И.П. ШУХОВА (НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА «ГОРЬКАЯ ЛИНИЯ»)	264
Касенова А.М. КӨРКЕМ АУДАРМА НЕГІЗДЕРІ	265
Койлыбаева С.С. К ОПРЕДЕЛЕНИЮ СОДЕРЖАНИЯ ПОНЯТИЯ «ИНТЕНЦИОНАЛЬНОСТЬ» В ГУМАНИТАРНЫХ НАУКАХ	265
Қабылбек А.Б. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ. «СӘН» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	266
Қордабай Б.Қ. ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВТЫҢ «ӨТКЕЛДЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР	267
Құрманбаева А. «СҰЛУЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БЕЛГІЛЕРІ	268
Құсмолдина Л.Қ. МИСТИЦИЗМ МЕН МИФОГРАФИЯНЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДА ОТБАСЫ МЕН ОТБАСЫ ТӘҢІРИЕСІ ГЕСТИЯНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ	268
Лепесбай Г.С. БҰЙРЫҚ МОДАЛЬДІЛІГІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІ - ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ	269
Махамбетова А. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЛЕПТІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	270
Махаш Н. GENERAL DESCRIPTIONS OF ENGLISH AND KAZAKH EUPHEMISMS	270
Меліс А.М. АБАЙ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ «СӨЗ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	271
Мүлік Д. РОМАН ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР	272
Мырзаханова А.Қ. ТҮРКІ ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ	273
Нұрмұхан Ә.С. ЖАҒЫМДЫ КҮЛКІ РЕҢКТЕРІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ	274

КӨРКЕМ АУДАРМА НЕГІЗДЕРІ

Касенова А.М.

Ғылыми жетекшісі: Қазыбек Г.Қ.
ал-Фараби ат.Қазақ Ұлттық университеті

Адамзат тарихында әрбір ұлт, әрбір қоғам алмасу, ауысу, араласу нәтижесінде өмір ағымы алға жылжиды, өседі, өркендейді. Яғни, өзінде жоқты өзгеден алады, білмейтінін үйренеді, білгенін басқаға үйретеді. Осындай ауысудың тиянақты тірегі - аударма. Осыған орай, А.Пушкин “аудармашылар - мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдап жеткізетін почта аттары” деген. Аударма туынды - көркем әдебиеттің егіз туған сыңары, бұлар екі ел сөз өнерінің рухани қазынасына айналады.

Гиви Гачечиладзенің пікірі бойынша, “аударма - түпнұсқаның бейнесі, осыған орай, түпнұсқа болмыстың бейнеленуі. Әдебиет - ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы; шығарма арқауы - шындық”. Ұлттық әдебиет өз өмірімен тіршілік етеді. Әрине, ол сол халықтың күллі тарихымен, оның барлық даму жағдайларымен шартты түрде байланыста және басқа халықтар әдебиетімен қарым-қатынаста болады. Осы қарым-қатынас ішінде аударманың орны айрықша. Сонымен қатар, аудармашының шығармашылық жолында дүниетанымдық қорының баға жетпес көзі ретінде белсенді рөл атқарады. Атақты өнер шеберлері аударманың жазушы шығармашылығы, сол секілді ұлттық төл әдебиеттің өркендеуі үшін қаншалықты маңызды екені жайында салмақты сын-пікірлер қалдырған. Бұл жөнінде немістің ұлы ақыны Иоганнес Бехердің мынадай сөздерін айтуға болады: “Мәнді (құнарлы) ұлттық әдебиеттің жақсы (сапалы) аударма әдебиетсіз болуы мүмкін емес”. Орыс сыншысы, төңкерісшіл демократ Н.Г.Чернышевский осы орайда: “Аударма әдебиет жаңа Европа халықтарының халықтық сана-сезімі немесе ағарту салаларының және эстетикалық әдебиетіне айыра білу талғамының өсуі үшін айтарлықтай рөл атқарған. Сол себептен тарихи-әдеби шығармалар аударма әдебиетке барынша көп көңіл бөлгенде ғана тиімсіз біржақтылықтан зиян шекпейді”. Иә, аударма көркем шығармашылықтың өзгеше бір саласы болып табылады. Шығармашылықтың бұл түрінде өзіндікі өзгемен салыстырылады, жарысады, күш сынасады. Аудармашы жасалғанды жаңадан қайта жасау, өз әдебиетінде ана тілінде жаңа қорлар ашу және жаңа тың салаларды игеру арқылы автормен күш сынасады. Егер біз аударма ісімен байланысы бар адамдардан әлемдік мәдениет үшін көркем әдебиеттің түпнұсқасы мен аудармасының қайсысы маңызды деп сұрасақ, бәрі бір ауыздан түпнұсқа деп жауап қайтарары даусыз. Аудармаға деген үлкен сый мен құрмет бола тұра біз түпнұсқаны маңыздырақ көреміз. Аударма әдебиетті қосымша әдеби құбылыс ретінде қарап, көркемдік сапасы мен әсері жағынан түпнұсқамен теңесе алмайды деп ойлаймыз. Әйтседе, аударма түпнұсқаны алмастыра алады. Қазіргі мәдени алмасу дәрежесіне сай, қандай да бір ұлттық мәнді көркем туынды екінші бір тілге аударылған кезде сол құнды да көркем сапасында адамзат мәдениетінің қазынасына айналады. Ал “аударылмаған көркем шығарма өз төл әдебиетінде белгілі бір кезеңде өмір сүреді де, уақыт өте келе ұмытылады, әдебиетінде айтарлықтай із қалдырмайды” деп жазады Ю.Левин “Аударма және әдебиет” атты мақаласында. Сонымен қатар ол әлемдік әдебиеттің өмірін ұлтаралық әдебиеттің негізгі көзі - аудармалар болмаған жағдайда ойға сыйымсыз, ақылға қонымсыз екенін атап көрсетеді. Шынында да, аударма жалпы адамзат атаулының танымдық-рухани алмасуы нәтижесінде мәдениет пен өркениеттің дамуына, адам баласының эстетикалық көркемдікке қол жеткізуіне, санамыздың өсуіне апаратын жол секілді.

К ОПРЕДЕЛЕНИЮ СОДЕРЖАНИЯ ПОНЯТИЯ «ИНТЕНЦИОНАЛЬНОСТЬ» В ГУМАНИТАРНЫХ НАУКАХ

Койлыбаева С.С.

Научный руководитель: Абаевой Ж.С.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Наше исследование посвящено изучению содержания понятия интенциональность в гуманитарных науках.

Интенциональность (от лат. *intentio* — букв. стремление) — понятие ряда философских учений, определяющее особенность человеческого сознания, которая состоит в его направленности на какой-

нибудь предмет. История изучения понятия интенциональности восходит к средневековой схоластике, различающей реальное и интенциональное существование объекта, а также развивавшей представления об «интенциональной чувственно-воспринимаемой форме», то есть о чувственном образе материальных объектов. Сенека определяет интенциональность как «intention — способ движения души (motus animi)», Фома Аквинский — одно из орудий познания интеллекта, актуализации его потенций с помощью усвоения объекта сознанием.

Ф. Brentano выдвигает два основных тезиса относительно интенциональности, вокруг которых концентрировались дальнейшие дискуссии в аналитической философии и феноменологии. Во-первых, интенциональность — это отличительная черта ментального; во-вторых, интенциональность независима от существования объекта, на который направлено сознание. При этом сам Brentano предпочитает говорить о «соотнесённости» психического феномена с какой-либо предметностью. Виды интенциональной предметности — предмет изучения философской психологии и теории познания. Развивая в «Логических исследованиях» идею интенциональности, Гуссерль, в отличие от схоластов, не говорит о «наличности» предмета в сознании, и, в отличие от Brentano, даже о «деятельности» сознания по «соотнесению» с видами предметности. В «Логических исследованиях» и в последующих работах Гуссерль описывает интенциональные структуры феноменов, переживаний сознания. В феноменологии Гуссерля интенциональность становится ключевым термином, но трактуется в совершенно новом и фундаментальном смысле, в силу изначально принятой посылки о коррелятивности между способами данности человеку различных аспектов мира и сознанием о мире. Согласно этой концепции, каждому феномену присуща собственная интенциональная структура.

Дж. Серль, понимая интенциональность не только в феноменологическом, но и прагматистском ключе, подчеркивает реалистический характер интенциональности, ее преимущественно эмпирический характер, и выступает критиком трансцендентального учения о сущности чистого Я. В центре интенциональности Серль ставит теорию аспектуальности. При рассмотрении теорий Томпсона и Смита отмечается, что проблема интенциональности обсуждается на уровне синтетического подхода, когда в равной мере представлены дискуссии в области философии сознания, нейрофизиологии и феноменологии Гуссерля. Смит предлагает контекстуальную теорию интенциональности, согласно которой каждый интенциональный акт должен рассматриваться не в атомарной форме, а в виде элемента целостного контекста всех интенциональных актов этого сознания.

Новейшие исследования в области филологии пронизаны идеей антропоцентричности, в которой на первый план выдвинут человеческий фактор. Это позволяет сделать вывод о том, что интенциональность является междисциплинарной категорией гуманитарных исследований, требующая дальнейшего изучения.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ. «СӘН» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Қабылбек А.Б.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Әлімтаева Л.Т.

«6M020500-Филология» мамандығының 2-курс магистранты

Тіл – халықтың, ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, діні мен мәдениетінің айнасы екені ақиқат. Тіл білімі саласында, тіл тек қатынас құралы емес, әрбір ұлт немесе халықтың тарихынан, салт-дәстүрінен, мәдениетінен хабардар ететін форма ретінде қарастырылады. Тілдің бұл қасиеті жөнінде әйгілі академик, ғалым Ә.Қайдар: «Тіл тек қатынас құралы емес, сонымен қатар этникалық (халықтық, ұлттық) мәдениеттің көрнекті позициядағы негізгі формаларының бірі болып табылады» – деп анықтайды.

Этнолингвистикалық тілдік деректер тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс арқылы халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегенде, оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеуіміз қажет.

Осы орайда қазақ халқында сөзі мен ісі, келбеті мен мінезі, киім киіс, жүріс-тұрыс әдебінен бастап тұрмыста қолданатын бұйымдары мен үй-жайлары, жалпылай келгенде этностың қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі «сән» ұғымы қатар жүрген атаулардың этнолингвизмдерде берілуі мен ұрпақ дамуында өзгеріске ұшыраған жаңашылдығы жөнінде тоқталмақпыз.

Жалпы этнолингвизмдер тілдік қабаттың паремиологиялық қорында (мақал-мәтелдер); баламалар мен этнографизмдерде, этнофразеологизмдер мен тұрақты сөз тіркестерінде, жұмбақтар, тұрақты теңеулерде, фольклор, ауыз әдебиеті үлгілерінде кездеседі.